

Есеп жүргізу және есептілікті мемлекеттік кірістер органына ұсынудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16680 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 374 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 10.04.2020 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы Кедендейк реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 2-тармағына, 167-бабының 5) және 6) тармақшаларына, 494-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына, 500-бабының 3) тармақшасына, 507-баптың 1-тармағы 5) тармақшасына, 514-баптың 1-тармағы 5) тармақшасына, 521-баптың 1-тармағы 4) тармақшасына, 528-баптың 1-тармағы 5) тармақшасына, 541- баптың 1-тармағы 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Есептілікті, оның ішінде сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өндөлетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендейк операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органының талабы бойынша ғана ұсынылатын жағдайларда ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен көлік құралдардың есебін жүргізу, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есеп нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) кедендейк операциялар туралы есептілік нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) кедендейк тасымалдаушының кедендейк бақылауымен тауарларды кедендейк транзит кедендейк рәсіміне сәйкес тасымалдау (тасу) туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) сақтауда тұрған тауарлардың есеп нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) бажсыз сауда дүкендеріне тұсken тауарлар мен оларды өткізу туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) сақталатын, тасымалданатын, қайта өндөлетін және арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын, кеден ісі саласында қызметтерін жүзеге асыратын тұлғалар пайдаланатын тауарлар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын, кеден ісі саласында қызметтерін жүзеге асыратын тұлғалар өткізетін тауарлар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) шетелдік тауарларды, оның ішінде оларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленгенге қарағанда кедендік әкелу баждарының неғұрлым төмен мөлшерлемелері қолданылатын тауарларды пайдалану бойынша есеп нысаны осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Есеп жүргізу және мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсынудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 239 бұйрығы. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 8 мамырда № 10986 тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 маусымда жарияланған);

2) "Мемлекеттік кірістер органдарының еркін қойма иелерімен өзара қарым-қатынастарын белгілеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 245 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 8 маусымда № 10996 тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 маусымда жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген құннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлік
2018 жылғы 15 наурыздағы
№ 367 бұйрығына
1-қосымша

Ескеरту. 1-қосымшаның он жақ жоғарғы бұрышы жана редакцияда – КР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – КР Қаржы министрлік 20.11.2019 № 1278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Есептілікті, оның ішінде сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өндөлетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендейк операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органының талабы бойынша ғана ұсынылатын жағдайларда ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен көлік құралдардың есебін жүргізу, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Есептілікті, оның ішінде сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өндөлетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендейк операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органының талабы бойынша ғана ұсынылатын жағдайларда ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен көлік құралдардың есебін жүргізу, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі (әрі қарай - Қағида) "Қазақстан Республикасындағы Кедендейк реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 2-тармағына, 167-бабының 5) және 6) тармақшаларына, 431-бабының 1 және 2-тармақтарына, 494-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына, 500-бабының 3) тармақшасына, 507-баптың 1-тармағы 5) тармақшасына, 514-баптың 1-тармағы 5) тармақшасына, 521-баптың 1-тармағы 4) тармақшасына, 528-баптың 1-тармағы 5) тармақшасына, 541- баптың

1-тармағы 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өзірленді және Есептілікті, оның ішінде сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өндөлетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органының талабы бойынша ғана ұсынылатын жағдайларда кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың, уәкілетті экономикалық операторлар мен шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалардың ұсыну қағидалары мен мерзімдерін, сондай-ақ есептілікті ұсыну тәсілін, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматын, оларды толтыру тәртібін айқындауды.

2-тaraу. Есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы

2. Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, уәкілетті экономикалық операторлар, шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалар есептілікті мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, осы бүйрыққа 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес ұсынады.

3. Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, уәкілетті экономикалық операторлар, шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен және еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалар ресімдейтін тауарлар және (немесе) көлік құралдары Exel форматындағы электрондық құжат түрінде есепке алынуға жатады.

4. Ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы осы бүйрықта көзделген есеп нысандарының негізінде құрылады.

3-тaraу. Өз тауарларын сақтау қоймаларының иелерінің сақтауында тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін ұсыну тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оларды толыту тәртібі

5. Өз тауарларын сақтау қоймаларының иелері тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, қызметінің аймағында өз тауарларын сақтау қоймасы тұрған мемлекеттік кірістер органына сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Exel форматындағы электрондық құжат түрінде ұсынады.

6. Сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебі Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітabyна енгізілген деректер негізінде, өзінің тауарларын сақтау қоймасының иелері көрсеткен мәліметтер негізінде қалыптастырылады.

7. Өз тауарларын сақтау қоймаларына түсетін, оларда сақталатын және олардан әкетілетін тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алудың қағаз кітабын жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

8. Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабының номірене әр жылдың 1 қаңтарында бірден басталады.

Қағаз тасығышта жүргізілген Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабы тігіледі, номіренеді, мөрленеді және қызметінің аймағында өз тауарларын сақтау қоймасының иесі тұрған мемлекеттік кірістер органы басшысының не оның орнындағы тұлғаның қолымен бекемделеді.

Қағаз тасығышта жүргізілген Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабында сзып тастау, түзету жолымен өзгертуге жол берілмейді.

9. Есепті кезең аяқталу кезінде қалдықтар болған жағдайда мұндай қалдықтар келесі есепті кезеңге көшіріледі.

10. Сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес былайша толтырылады:

1) "Кіріс" бөлімі:

1-бағанда сандық форматтағы реттік номірі көрсетіледі;

2-бағанда тауарлар мен (немесе) көлік құралын сақтауға енгізу күні;

3-бағанда тізілімге енгізу туралы бұйрықтың тіркеу номірі мен күні көрсетіледі;

4-бағанда транзиттік декларацияның немесе Халықаралық тауарлардың жол тасымалы кітабының көмірі көрсетіледі;

5-бағанда тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтауға орналастырған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі. Осы баған уақытша сақтау қоймалары мен кедендік қоймалардың иелері үшін ғана толтыруға міндетті;

6-бағанда көлік құралының, оның ішінде тіркеменің тіркеу номірі;

7-бағанда тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының толық атауы көрсетіледі;

8-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың саны көрсетіледі;

9-бағанда тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

10-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың (бокстің, қойманың, бөліктің, қатардың және өзгениң нөмірі) орны көрсетіледі;

2) "Шығыс" бөлімі:

11-бағанда сақталатын тауарларды декларациялау кезінде ресімделген тауарларға декларацияның (бұдан әрі – ТД) немесе транзиттік декларацияның (бұдан әрі – ТД) нөмірі көрсетіледі;

12-бағанда кедендік рәсіммен орналастырылған тауарлардың орын саны көрсетіледі;

13-бағанда кедендік рәсіммен орналастырылған тауарлардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

14-бағанда қоймадан тауарларды әкету күні мен уақыты көрсетіледі;

3) "Қалдық" бөлімі:

15-бағанда есепті кезең аудықтан кезде (тоқсан, жыл, ай және өзге) сақтауда қалған, кедендік рәсіммен орналастырылмаған тауарлардың орын саны көрсетіледі;

16-бағанда тауардың брутто (килограмм) салмағы немесе сақтауда қалған бөлігі, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

17-бағанда "Ескерте" қосымша мәліметтер көрсетіледі.

4-тaraу. Кеден өкілімен кеден операциялары туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

11. Кеден өкілі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей кедендік тазартуды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына осы бүйрыққа 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша кеден операциялары туралы есепті қағаз тасығышта және Exel форматында электрондық құжат түрінде ұсынады.

12. Мемлекеттік органдардың келісімі бойынша барлық өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі және есептің "ескерту" бағанында көрсетіледі.

Кеден операциялары туралы есепте сыйзу, түзету арқылы жөндеуге жол берілмейді.

13. Кеден операциялары туралы есеп мынадай түрде толтырылады:

1) 1-кесте "Ұйым штатында тұрған жұмыскерлер туралы мәліметтер":

1-бағанда кеден өкілі штатында тұрған жұмыскердің тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2-бағанда қызметкерге жеке куәлік берген органның нөмірі мен берген күні, сондай-ақ атауы көрсетіледі;

3-бағанда ішкі бүйрыққа сәйкес жұмыскердің лауазымы көрсетіледі;

"Ескерту" 4-бағанда қосымша мәліметтер көрсетіледі.

2) 2-кестеде "Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын занды тұлғаның міндеттерді орындаудың қамтамасыз етуді ұсыну бойынша мәліметтер":

1-бағанда занды тұлғаның міндеттерді орындаудың қамтамасыз етуді ұсыну тәсілдері көрсетіледі;

2-бағанда занды тұлғаның міндеттерді қамтамасыз етуінің басталған немесе күшіне енгізілген күні көрсетіледі;

3-бағанда занды тұлғаның міндеттерді орындаудың қамтамасыз етуде ұсынылған әрекетінің аяқталған күні көрсетіледі;

4-бағанда аумақтық мемлекеттік кірістер органы берген занды тұлғаның міндеттерін орындауды қамтамасыз ету карточкасының нөмірі (толық) көрсетіледі;

3) 3-кесте "Қызметті жүзеге асыру кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары туралы мәліметтер", сақтандыру жағдайлары болған кезде мыналар толтырылады :

1-бағанда мемлекеттік кірістер органдарына ұсынуды, занды тұлғаның міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжат нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда занды тұлғаның міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжатты жасау күні, сондай-ақ оның әрекет кезеңі туралы мәліметтер көрсетіледі;

3-бағанда занды тұлғаның міндеттерді орындауға қамсыздандырма берген ұйымның толық атауы туралы мәліметтер көрсетіледі;

4-бағанда сақтандыру жағдайының басталуының іс жүзіндегі күні көрсетіледі ;

5-бағанда сақтандыру жағдайының басталу себебі, сондай-ақ сақтандыру жағдайларының туындаудың мән-жайлар көрсетіледі;

6-бағанда сақтандыру төлемі мөлшері туралы теңгедегі толық сома көрсетіледі;

4) 4-кестеде "Кеден операциялары туралы мәліметтер":

1-бағанда "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – КОК № 378 шешімі) бекітілген сыныптауышқа сәйкес кеден рәсімінің коды көрсетіледі;

2-бағанда кеден декларацияларының саны көрсетіледі;

3-бағанда Америка Құрама штаты долларындағы (бұдан әрі – АҚШ) статистикалық құн көрсетіледі;

4-бағанда төленген кеден алымының сомасы көрсетіледі;

5-бағанда төленген кеден бажының сомасы көрсетіледі;

6-бағанда төленген акциздер сомасы көрсетіледі;

7-бағанда төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

9-бағанда кеден өкілдерінің өзі болсын, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары болсын кедендік құнды түзете отырып кедендік декларациялардың (КД) саны туралы мәліметтер көрсетіледі;

10-бағанда кеден декларацияларына енгізілген түзетулердің себептері көрсетіледі;

11-бағанда жойылған кедендік декларациялар саны көрсетіледі;

12-бағанда ресімделген уақытша кедендік декларациялар саны көрсетіледі.

13. Барлық есепте келтірілген өзгерістер мен қосымшалар мемлекеттік кірістер органының келісімі бойынша есептің "ескертпе" бағанына енгізіледі.

Кедендік операциялар туралы есептің қағаз таспасында сызу арқылы түзетулер енгізуге жол берілмейді.

5-тарау. Кедендік тасымалдаушының кедендік транзитінің кедендік ресіміне сәйкес кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдау (тасу) туралы есепті ұсынудың тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ толтыру тәртібі

14. Кедендік тасымалдаушылар тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей қызмет аймағында кедендік тасымалдаушылар бар мемлекеттік кірістер органына осы бүйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кедендік тасымалдаушының кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдау (тасу) туралы есепті ұсынады.

15. Кедендік тасымалдаушының кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдау (тасу) туралы есеп осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті қағаз тасығышта және Exel форматында электрондық құжат түрінде Кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдауды есепке алу кітабына енгізілген деректер негізінде қалыптастырылады.

16. Кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдауды есепке алу кітабын нөмірлеу әрбір жылдың бірінші қантарынан бастап бірліктен басталады.

Қағаз тасығышта жүргізілген Кедендік тасымалдаушының кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдауды есепке алу кітабы тігіледі, нөмірленеді, қағазға басылады және мемлекеттік кірістер органының басшысымен не қызмет

аймағындағы кедендік тасымалдаушы болған оны ауыстыратын тұлғаның қойылған қолымен нықталады.

Күнтізбелік жылы соңғы жазба енгізілгеннен кейін Кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдауды есепке алу кітабы салыстыру жүргізу үшін мемлекеттік кірістер органына беріледі. Салыстыруды жүргізу мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдауды есепке алу кітабына қосымша жазбалар немесе түзетулер енгізу салыстыру жүргізілгеннен кейін жол берілмейді.

Кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдауды есепке алу кітабы не оның электрондық түрдегі көшірмесі мемлекеттік кірістер органының лауазымдық тұлғаларына олардың талабы бойынша ұсынылады.

17. Кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдау (тасу) туралы есепті кедендік тасымалдаушы мынадай түрде толтырады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда транзитті декларация нөмірі көрсетіледі;

3-бағанда тауарларды тасымалдау басталған нақты күні көрсетіледі;

4-бағанда тауарларды жеткізу мерзімі көрсетіледі;

5-бағанда тасымалдауды аяқтаудың нақты күні, уақытша сақтауға тауарларды орналастыруды немесе тауарларға декларацияларды растайтын құжаттың нөмірі туралы мәліметтер көрсетіледі;

6-бағанда транзиттің кедедік рәсіммен орналастырылған тауарларды жөнелтудің және мақсатының мемлекеттік кірістер органының атауы көрсетіледі;

7-бағанда мемлекеттік кірістер органының органы мақсатының атауы көрсетіледі;

8-бағанда жөнелтілетін мемлекеттік кірістер органының органының атауы көрсетіледі;

9-бағанда Көлік құралдарының (тіrkeme) мемлекеттік тіркеу нөмірі көрсетіледі;

10-бағанда тауарлардың толық атауы көрсетіледі;

11-кестеде тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдаушы) құжатқа сәйкес қосымша өлшем бірлігіндегі көлемі көрсетіледі;

12-бағанда сақтау қоймасының атауы мекенжайы көрсетіледі (уақытша сақтау қоймасы, кедендік қойма және басқа да орындар);

13-бағанда "Ескеरту" қосымша мәліметтер көрсетіледі.

6-тарау. Сақтауда тұрған тауарлардың есебін ұсыну тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ толтыру тәртібі

18. Уақытша сақтау қоймаларының, кедендей қоймалардың меншік иелері есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын қызмет аймағында осы қоймалар тұрған мемлекеттік кірістер органына электрондық құжат түрінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелері арқылы осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтауда тұрған тауарлардың есебін ұсынады.

19. Есепке алу кітабын нөмірлеу әрбір жылдың 1 қаңтарынан басталады.

Сақтауда тұрған тауарды есепке алу кітабы тігіледі, нөмірленеді, басылады және мемлекеттік кірістер органының басшысымен не қызмет аймағында уақытша сақтау қоймасының, кедендей қойманың иесі тұрған оны ауыстыратын тұлғаның қолымен нықталады.

20. Техникалық істен шығу, байланыс құралдарының жұмысының бұзылуы (Ғаламтор желісі және телекоммуникациялық желісі), электрэнергиясының болмауы садарынан ақпараттық жүйенің жұмыс қабілеттілік жағдайы болмаған жағдайда сақтауда тұрған тауарлардың есебін қағаз тасығышта бірінші басшымен немесе оны ауыстыратын тұлғамен, бас бухгалтермен қол қойылады, сақталу орнының иесінің мөрімен куәландырылады. Мемлекеттік кірістер органына бір мезгілде қағаз тасығыштағы есеппен бірге Excel форматындағы электрондық құжаттар түріндегі есеп ұсынылады.

21. Сақтаудағы тауарлар есебі мынадай түрде толтырылады:

1) "Кіріс" бөлімі:

1-бағанда сандық форматтағы тәртіп бойынша нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда тізілімге енгізу туралы бұйрықтың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3-бағанда кедендей декларацияның немесе Халықаралық тауарлардың жол тасымалықтапшасының нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтауға орналастырылған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі. Осы баған уақытша сақтау қоймалары мен кедендей қоймалардың иелерімен ғана толтыру үшін міндетті;

5-бағанда көлік құралының, оның ішінде тіркеменің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

7-бағанда орналастырылған тауар саны көрсетіледі;

8-бағанда тауардың бруттодағы (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

9-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың орны (бокс, қойма, бөлік, қатар нөмірі және басқа) көрсетіледі;

2) "Шығыс" бөлімі:

11-бағанда сақталған тауарларды декларациялау кезінде ресімделген ДТ немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

12-бағанда кедендік рәсімдеуге орналастырылған тауарлар орнының саны көрсетіледі;

13-бағанда кедендік рәсімдеуге орналастырылған тауарлардың бруттодағы (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;;

14-бағанда тауарларды қоймадан шығару уақыты мен күні көрсетіледі;

3) "Қалдық" бөлімінде:

15-бағанда кедендік рәсімдеуге жатпайтын тауарлар орнының және есепті кезеңнің ауысымы кезінде (тоқсан, жыл, ай және басқасы) сақтауда қалған тауарлар саны көрсетіледі;

16-бағанда тауарлар мен көлік құралдарының бруттодағы (килограмм) салмағы немесе сақтауда қалған бөлігі, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;.

17-бағанда "Ескерту" қосымша мәліметтер көрсетіледі.

7-тaraу. Бажсыз сауда дүкендеріне түсken тауарлар және оларды өткізу туралы есепті ұсынудың тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ толтыру тәртібі

22. Бажсыз сауда дүкендерінің иелері есептіден кейінгі айдың жиырмасынши күнінен кешіктірмей Excel форматындағы электрондық құжат түрінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелері арқылы осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бажсыз сауда дүкеніне түсken тауарлар және оларды өткізу туралы есепті ұсынады.

Бажсыз сауда дүкеніне келіп түсken тауарлар және оларды сату туралы есеп осы Қағидаларға 4, 5 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бажсыз сауда дүкеніне келіп түсken тауарларды есепке алу және бажсыз сауда дүкенінде сатылған тауарларды есепке алу журналдарына енгізілген деректердің негізінде қалыптастырылады, олар Excel форматында электрондық құжат түрінде жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 20.11.2019 № 1278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Бажсыз сауда дүкенінің иесі бажсыз сауда дүкеніне түсken және бажсыз сауда дүкенінде өткізілген тауарлардың есебін жүргізеді, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесіне ақпарат енгізеді.

24. Бажсыз сауда дүкеніне тауарлардың түсui және олардың оларды өткізу туралы есеп былайша толтырылады:

1) "Тұсken тауарлар" бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда бажсыз сауда дүкеніне тауарды орналастыру күnі көрсетіледі;

3-бағанда электрондық тауарларға арналған декларация нөмірін көрсетіледі;

4-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

5-бағанда 2012 жылғы 16 шілдедегі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің № 54 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай Тауарлар номенклатурасы және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне сәйкес (әрі қарай - ЕАЭО СЭҚ ТН) тауар коды көрсетіледі;

6-бағанда тауар саны көрсетіледі;

7-бағанда есепті кезеңнің басына тауарлар қалдығы көрсетіледі;

8-бағанда есепті кезеңнің сонына тауарлар қалдығы көрсетіледі;

9-бағанда электрондық тауарларға арналған декларацияның (ЭТД) немесе ТД 6, 7, 8-бағандарға сәйкес өлшем бірлік көрсетіледі;

10-бағанда тауарларды керек-жарақтар ретінде шығару үшін берілген ЭТД нөмірі көрсетіледі;

2) "Откізілген тауарлар" бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

2-бағанда ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

3-бағанда тауардың толық атаузы көрсетіледі;

4-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

5-бағанда тауар саны көрсетіледі;

6-бағанда ЭТД немесе ТД 5-бағанына сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда отырғызу билетінің нөмірі/тұлғаны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде аккредитациялауды растайтын құжат нөмірі көрсетіледі;

8-бағанда жолға шығатын тұлғаның баратын елі/дипломатиялық өкілдіктің атауы көрсетіледі;

9-бағанда чектің нөмірі мен күnі көрсетіле отырып, бақылау чегі туралы мәліметтер көрсетіледі;

10-бағанда бажсыз сауда кедендік рәсімін аяқтаған ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

3) Бажсыз сауда кедендік рәсімімен орналастырылған, керек-жарақтар ретінде сатылған шетелдік тауарлар" бөлімінде:

1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

2-бағанда ЭТД немесе ТД нөмірі көрсетіледі;

3-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

4-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

5-бағанда тауар саны көрсетіледі;

6-бағанда 5-бағанда көрсетілген, тауарларды өлшеу бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда бажсыз сауда кедендік рәсімін аяқтайтын ЭТД немесе ТД нөмері көрсетіледі;

8-бағанда орналастырылмаған тауарлар саны көрсетіледі;

9-бағанда бажсыз сауда кедендік рәсімімен берілген тауарлардың қайтарылуын растайтын құжаттың нөмірі мен күні/ТД нөмері көрсетіледі;

10-бағанда ескерту (бар болса) көрсетіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 20.11.2019 № 1278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8-тарау. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

25. Еркін қойма иелері ай сайын есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың он бесінен кешіктірмей қызмет аймағында еркін қойма жұмыс істейтін аумақтық мемлекеттік кірістер органына осы бүйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысанда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есепті ұсынады.

26. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысанда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, сондай-ақ осындай тауарлармен жүргізілген операцияларды есепке алу журналына (бұдан әрі – Есепке алу журналы) енгізілген деректер негізінде қалыптастырылады. Есепке алу журналы қағаз және (немесе) Excel форматында электрондық түрде жүргізіледі.

Есепке алу журналдары соңғы жазба енгізілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

27. Мемлекеттік кірістер органдарына жіберілген еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп еркін қойма иесінде есеп ұсынған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

28. Ақпараттық жүйе жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда еркін қойма кедендей рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына қағаз және (немесе) Excel форматында электрондық түрде ұсынылады, оған еркін қойма иесінің басшысы немесе оны аудиторлық тұлға қол қояды және мөрмен куәланылады.

29. Еркін қойма кедендей рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп былайша толтырылады:

1) "Еркін қойма (бұдан әрі – ЕҚ) кедендей рәсімімен орналастырылған тауарлар және олармен жасалған қайта өндіру (өндірілу) бойынша операциялар туралы мәліметтер" 1-бөлімінде:

1-бағанда реттік номірі көрсетіледі;

2-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда 10 белгі деңгейінде Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатуrasesы (бұдан әрі – ЕАӘО СЭҚ ТН) бойынша тауар коды көрсетіледі;

4-бағанда тауар оған сәйкес ЕҚ кедендей рәсімімен орналастырылған кедендей декларацияның номірі көрсетілген;

5-бағанда тауар саны көрсетіледі;

6-бағанда тауар санының өлшем бірлігі көрсетіледі;

7-бағанда тауарлармен жүргізілген операциялардың түрі көрсетіледі;

8-бағанда тауарлар көрсетілген қаржылық-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есебі шоттар Жоспарына сәйкес шоттың және қосалқы шоттың номірі көрсетіледі;

9-бағанда тауарларды қайта өндіру (өндірілу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың атауы көрсетіледі;

10-бағанда тауарларды қайта өндіру (өндірілу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың саны көрсетіледі;

11-бағанда есептің күнге ЕҚ иесінде болған оған қатысты қайта өндіру (өндірілу) бойынша операциялар жасалмаған тауарлардың қалдығы (саны) көрсетіледі;

12-бағанда тауарды пайдалану фактісін растаның құжаттың күні мен номірі көрсетіледі;

"Ескерту" 13-бағанда қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте есептің 1-бөлімі шетелдік тауарлар мен ЕАӘО тауарлары туралы мәліметтерді қамтиды;

2) 2 "есептің 1-бөлімінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес есепті күнге ЕҚ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлар туралы мәліметтер" бөлімі:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда 10 белгі деңгейінде ЕАӘО СЭҚ ТН бойынша тауар коды көрсетіледі;

4-бағанда оған сәйкес ЕҚ кедендік рәсімі аяқталған кедендік декларацияның нөмірі көрсетіледі;

5-бағанда тауарлар көрсетілген қаржылық-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есебі шоттар Жоспарына сәйкес шоттың және қосалқы шоттың нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда КОК № 378 шешімімен бекітілген кедендік рәсімнің коды көрсетіледі;

7-бағанда тауар саны көрсетіледі;

8-бағанда тауар саны көрсетіле отырып, өлшем бірлігі көрсетіледі;

9-бағанда тауарлармен жүргізілген операция түрі көрсетіледі;

10-бағанда алдындағы кедендік декларацияның нөмірі көрсетіледі;

11-бағанда тауарлармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер, тауарларды өткізуі растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

"Ескерту" 12-бағанда қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Бұл ретте есептің 2-бөлімі:

шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған);

шетелдік тауарларды пайдалана отырып дайындалған (алынған);

ЕАӘО тауарларынан дайындалған (алынған) тауарлар туралы мәліметтерді қамтиды.

9-тaraу. Кеден ісі саласында қызметтің жүзеге асыратын, арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар сақтайтын, өткізетін, өндейтін және пайдаланатын және сататын тауарлар туралы есептерді ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

30. Кеден ісі саласында қызметтің жүзеге асыратын, арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар мемлекеттік кірістер органының жазбаша талабы бойынша тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей тауарларды кедендік тазартуды жүзеге асыру орны бойынша мемлекеттік кірістер органына осы бүйрыққа 8 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандарда қағаз және (немесе) Excel форматында электрондық құжат түрде Кеден ісі саласында қызметтің жүзеге асыратын, арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын

тұлғалар сақтайтын, өткізетін, өндейтін және пайдаланатын және сататын тауарлар туралы есептерді ұсынады.

Кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын, арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар сақтайтын, өткізетін, өндейтін және пайдаланатын және сататын тауарлар туралы есепке қағаз тасығышта бірінші басшы не оны ауыстыратын тұлға және бас бухгалтер қол қояды, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады.

31. Кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын, арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар сақтайтын, өткізетін, өндейтін және пайдаланатын және сататын тауарлар туралы есеп осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес былайша толтырылады:

1-бағанда арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалардың атавы көрсетіледі;

2-бағанда арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалардың БСН көрсетіледі;

3-бағанда ТД немесе Халықаралық жол тасымалы кітапшасының нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда қызмет аймағында арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлға тіркелген мемлекеттік кірістер органының атавы көрсетіледі;

5-бағанда ТД нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда КОК № 378 шешімімен бекітілген кедендік рәсімдер түрлерінің сыныптауышына сәйкес кедендік рәсім түрінің коды көрсетіледі;

7-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН коды көрсетіледі;

8-бағанда тауарлардың толық атавы көрсетіледі;

9-бағанда АҚШ долларында статистикалық құны көрсетіледі;

10-бағанда тауарлардың килограмда нетто/брутто салмағы, қосымша өлшем бірліктерде көлемі көрсетіледі;

11-бағанда бюджетке төленуі тиіс кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы көрсетіледі;

12-бағанда бюджетке төленген кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы көрсетіледі;

13-бағанда № 378 шешімге сәйкес арнайы жеңілдіктер түрлерінің сыныптауышына сәйкес арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар қолданған арнайы жеңілдік түрінің коды көрсетіледі;

14-бағанда есепті тоқсан (кезең) көрсетіледі.

32. Осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын, арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар өткізетін тауарлар туралы есеп былайша толтырылады:

1-банада реттік нөмірі икөрсетіледі;

2-бағанда арнайы жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғаның атавы көрсетіледі;

- 3-бағанда арнайы женілдіктерді пайдаланатын тұлғаның БСН көрсетіледі;
- 4-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;
- 5-бағанда жөнелтілетін ел көрсетіледі;
- 6-бағанда импортталған тауарды сатып алушының толық атауы көрсетіледі;
- 7-бағанда тауарды сатып алушының мекенжайы, БСН/ЖСН көрсетіледі;
- 8-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН тауар коды көрсетіледі;
- 9-бағанда тауарлардың киллограмда нетто/брутто салмағы, қосымша өлшем бірліктерде көлемі көрсетіледі;
- 10-бағанда АҚШ долларында статистикалық құны көрсетіледі;
- 11-бағанда сатып алушыдан ұсталған алым сомасы көрсетіледі.

11-тaraу. Шетелдік тауарлардың, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленген әкелу кеден бажы мөлшерлемесіне қарағанда анағұрлым төмен мөлшерлеме қолданылатын тауарлардың пайдаланылуы бойынша есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ толтыру тәртібі

33. Шетелдік тауарларға ие және (немесе) оларды пайдаланатын тұлғалар тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей қызмет аймағында кедендік декларациялау (ресімдеу) жүргізілген мемлекеттік кірістер органына мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесіндеректерді енгізу арқылы, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған Excel форматындағы электрондық құжат түрінде осы бұйрыққа 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша шетелдік тауарларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифімен белгіленгенге қарағанда анағұрлым төмен кедендік әкелу баждары қолданылатын тауарларды пайдалану жөніндегі есепті ұсынады.

34. Шетелдік тауарларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифімен белгіленгенге қарағанда анағұрлым төмен кедендік әкелу баждары қолданылатын тауарларды пайдалану жөніндегі есеп былайша толтырылады:

- 1-бағанда рет ретімен нөмірі көрсетіледі;
- 2-бағанда шетелдік тауарға және (немесе) оны пайдаланатын тұлғаның ФАТ (бар болған жағдайда) толық атауы көрсетіледі;
- 3-бағанда шетелдік тауарға және (немесе) оны пайдаланатын тұлғаның БСН немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) көрсетіледі;
- 4-бағанда әр жол бойынша ТД нөмірі көрсетіледі;
- 5-бағанда тауардың толық атауы көрсетіледі;

6-бағанда ТД 32-бағанына сәйкес декларацияланған шетелдік тауардың реттік нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда ТД 33-бағанына сәйкес ЕАЭО СЭҚ Бірынғай ТН сәйкес тауардың 10 мәнді тауар коды көрсетіледі;

8-бағанда ТД 37-бағанына сәйкес рәсімнің құрамдық коды көрсетіледі;

9-бағанда ТД 38-бағанына сәйкес килограммен тауардың таза салмағы көрсетіледі;

10-бағанда тауар саны өлшем бірлікпен (мысалы, данада, метрде, литрде, килограмда және өзгемен саны) тауардың саны көрсетіледі;

11-бағанда ТД 46-бағанына сәйкес АҚШ долларымен тауардың статистикалық құны көрсетіледі;

12-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы есепке алу құжаттарының қозғаласына сәйкес шетелдік тауарға ие және (немесе) оны пайдаланатын тұлға берген шетелдік тауардың түгендеу нөмірі (болған кезде) көрсетіледі;

13-бағанда бухгалтерлік есеп карточкасы бойынша шетелдік тауарға ие және (немесе) оны пайдаланатын тұлға берген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес шот нөмірі көрсетіледі (болған кезде);

14-бағанда тауармен жасалатын іс-әрекет көрсетіледі. Толтыру кезінде мынадай кодтауды басшылыққа алу керек:

1) шетелдік тауарды өткізген жағдайда "1" деген цифр қойылады;

2) шетелдік тауарды үшінші тұлғаға берген жағдайда (мысалы, қоғамдық қортауарды өтеусіз негізде үшінші тұлғаға берген кезде) "2" деген цифр қойылады;

3) шетелдік тауарды есептен шығарған жағдайда "3" деген цифр қойылады;

4) шетелдік тауарды жеке қажеттілігіне пайдаланған жағдайда "4" деген цифр қойылады;

15-бағанда ол бойынша тауар пайдаланылған құжат (мысалы, шот-фактура, есептен шығаруға арналған акті және өзге) көрсетіледі;

16-бағанда ол бойынша тауар пайдаланылған құжат нөмірі мен күні мынадай форматта көрсетіледі "КК.АА.ЖЖЖЖ";

17-бағанда пайдаланылған шетелдік тауардың таза салмағы килограммен көрсетіледі;

18-бағанда пайдаланылған шетелдік тауар саны өлшем бірлікпен (мысалы, данада, метрде, литрде, килограмда және өзгемен саны) көрсетіледі

19-бағанда шетелдік тауар өткізілген немесе берілген тұлғаның ФАТ (бар болған жағдайда) толық атауы көрсетіледі;

20-бағанда шетелдік тауар өткізілген немесе берілген тұлғаның БСН немесе ЖСН көрсетіледі;

21-бағанда өлшем бірлікпен (мысалы, данада, метрде, литрде, және өзгемен саны) тауарлардың қалдығы көрсетіледі;

22-бағанда есептілікті беру сәтіне шетелдік тауардың іс жүзінде орналасқан орны (мысалы, мекенжайы, ұғымда нөмірі, кен орнының нөмірі және өзге) көрсетіледі.

Көрсетілген есептің бағандарын толтырған кезде ұяшықтарды толтырусыз қалдыруға жол берілмейді, тиісті бағандарда қандай да бір мәліметтер болмаған жағдайда "0" (нөл) деген цифр қойылады, есептілік ұяшықтарын біріктіруге жол берілмейді.

Есеп өсу қорытындысымен қалыптастырылады және қандай да бір мәндер өзшерген жағдайда деректер тоқсан сайын жаңартылуы тиіс.

